

Ленин жүзі

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

КК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 114 (7074) | Сейсенбі 12 июнь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл | Жөке саны 29 тыйын

Жұмыс көлігі ұқыпты күтіліп, жақсы пайдаланылсын

Гитлер Германиясына қарсы ұлы Отан соғысы совет халқының жеңісімен аяқталды. Елімізде бейбітшілік дәуірі басталды. Бұл жағдай социалистік ауыл шаруашылығының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Еліміздің күш-қуатын арттыра беру үшін ауыл шаруашылық өнімдерін бұрынғыдан да мол шығару керек болып отыр.

Бұл міндетті ойдағыдай шешуде механикалық күшімен қатар, көлік күшінің алатын орны өте зор. Ауыл шаруашылығындағы жұмыстың көбі көлікпен атқарылады. Көлік жақсы күтіліп, пайдаланылған жерде, қай жұмыс болса да уақтылы орындалып отырылады. «Социалистік Қазақстанның» кешегі санында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында өгіс жұмысына көлікті пайдалануды жақсарту шаралары туралы» қаулысы жарияланды. Бұл қаулыда алдыңғы қатарлы колхоздардың еңбек майданындағы жақсы істері атап көрсетілді. Соның бірі — Алматы селенің ауданының Балқиян атындағы колхозы. Бұл колхозда Ники түшенин жолдастық трактор бригадасы жұмыс істейді. Ол Алматы МТС-ағы таңдаулы бригаданың бірі. Ол бригада көктемгі маусымда жақсы табыстарға жеткені үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына алды. Осындай жақсы бригада жұмыс істеп отырғанда, колхоз көлігіне ерекше көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде өгіс жұмыстарының көпшілігі дерлік көлікпен атқарылады. Егіс әрі тез, әрі сапалы өгілді. Бұйымғы өгінен мол өнім алуға берік негіз қаланды. Көлікті жақсы күту, жақсы пайдалану бірден осындай табысқа жеткізеді.

Калинин атындағы колхозда көлікті күту, пайдалану ісін де берік тәртіппен ұйымдастырып отыр.

Көлікті шығарып алмайды, ескілері уақтылы, дұрыс жөнделмейді. Міне, осы кемшілік сәлдарынан бірқатар көлік жұмысқа пайдаланылмай келеді.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарына көлікті пайдалануда болып отырған кемшіліктерді жоюға барлық шараларды қолдану керек. Жұмыс малына несіздікті жою үшін көлікті әрбір колхоз, совхоздар, бригадаларға, оның ішінде жеке адамдарға ақтімен бекітіп беру керек. Сонымен қатар көлікпен жұмыс істейтін адамдардың оған жауаптылығын күшейту керек. Көлікті күтуге, бағуға ерекше көңіл аударылысын. Бұл жұмысқа тәжірибелі адамдардың бөлінуі қамтамасыз етілсін. Көлікті пайдалануда ұқыпсыздық, сапалық жасап атты жауыр қылған, өгіздің мойнын кетірген, бұл сияқты кемшіліктерге кінәлі адамдарға тиісті шара қолданылып отырылсын. Мұны колхоз басқармалары, совхоз директорлары қатты ескеретін болсын. Маусымды жұмыс кезінде көліктің түнде жайып бағылуына ерекше көңіл бөлу керек.

Көлікті өнімді пайдалану — оның өзіндік-саймандарының әр уақытта ретті, жарамды болуына байланысты екендігін естен шығаруға болмайды. Сондықтан әрбір колхоз, совхозда жұмыс малдарының жетуге саймандары ұқыпты ұсталып, ретті болуы шарт. Жетіспейтін өзіндік-саймандар жергілікті жердің өзінде жасалсын. Колхоздарға өзіндік-сайман жасап беру жөнінде еңбекшілер орындары, колхозгерлер артельдері көп көмек көрсетуге тиіс. Колхоз, совхоз мастерскойларында, ұсталық үйлерінде жұмысты жақсарту үшін ең алдымен ондағы колхозшылар, жұмысшылар арасында социалистік жарысты кеңірітетін, еңбек тәртібін нығайту керек. Жұмысты жақсы істейтін маман, шеберлерге үнемі көмек көрсетіп, тағдаулылауына сыйлық беріп отыру керек. Өз мақсатына жетпей жатқан өзіндік-саймандарының қажетін білген адамдардың оларды қайта жасауға, қайта пайдалануға көмек көрсетілуі керек.

„Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдарын белгілеу туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1. ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариатының тілегі қаулақтандырылып, „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ арнаулы медальдары белгіленсін.

2. „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдарымен Будапешті, Кенигсбергті, Венаны және Берлинді алу кезіндегі қа

рмандық тіке шабуылға тікелей қатысқан барлық адамдар наградталсын.

3. „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдары туралы ереже бекітілсін.

4. „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдарының үлгісі мен сипаттамасы бекітілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

Москва, Кремль. 1945 жылғы 9 июнь.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

„Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдары туралы ереже

1. „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдарымен Будапешті, Кенигсбергті, Венаны және Берлинді алу кезіндегі қармандық тіке шабуылға тікелей қатысқан қандар — Қызыл Армияның, Соғыс-Теңіз Флоты мен Ішкі Істер Халық Комиссариаты әскерлерінің әскери қызметкерлері, сол сияқты бұл қалаларды алу кезіндегі ұрыс қыймылдарының ұйымдастырушылары мен басшылары наградталады.

2. Медальдар аталған қалаларды алу кезіндегі тіке шабуылға анық қатысқан қанды ыспаттау жөнінде әскер бөлімдерінің командирлері мен соғыс-емдеу орындарының бастықтары берген документтер бойынша ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы атынан тапсырылады.

Медальдарды: Қызыл Армия мен Со

ғыс Теңіз Флотының әскер бөлімдеріндегі адамдарға әскер бөлімдерінің командирлері, ал армия мен флоттан кеткен адамдарға, наградталғандардың тұрған жеріндегі облыстық, қалалық және аудандық соғыс комиссарлары тапсырады.

3. „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдары сол жақ омырауға тағылады.

Ордендер және басқа медальдар болса, дәлсіз таққан жағдайда олардың ленталары „Германияны жеңгені үшін“ медалінан кейін, оннан солға қарай мына ретпен тағылады: „Будапешті алғаны үшін“, „Кенигсбергті алғаны үшін“, „Венаны алғаны үшін“ және „Берлинді алғаны үшін“ медальдары бірінен соң бірі қатар тағылады.

„Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдарын белгілеу туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1. ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариатының тілегі қаулақтандырылып, „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ арнаулы медальдары белгіленсін.

2. „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдарымен Белградты, Варшаваны және Праганы азат ету кезіндегі қармандық тіке шабуылға тікелей қатысқан барлық адамдар, сол сияқты бұл қалаларды азат ету

кезіндегі ұрыс қыймылдарының ұйымдастырушылары мен басшылары наградталады.

3. „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдары туралы ереже бекітілсін.

4. „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдарының үлгісі мен сипаттамасы бекітілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

Москва, Кремль. 1945 жылғы 9 июнь.

М. КАЛИН.
А. ГОРКИН.

„Белградты азат еткені үшін“, „Варшава азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдары туралы ереже

1. „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдарымен Белградты, Варшаваны және Праганы азат ету кезіндегі қармандық тіке шабуылға тікелей қатысқан қандар — Қызыл Армияның, Соғыс-Теңіз Флоты мен Ішкі Істер Халық Комиссариаты әскерлерінің әскери қызметкерлері, сол сияқты бұл қалаларды азат ету кезіндегі ұрыс қыймылдарының ұйымдастырушылары мен басшылары наградталады.

2. Медальдар аталған қалаларды азат ету кезіндегі тіке шабуылға анық қатысқан қанды ыспаттау жөнінде әскер бөлімдерінің командирлері мен соғыс-емдеу орындарының бастықтары берген документтер бойынша ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан тапсырылады.

Медальдарды: Қызыл Армия мен Со

ғыс-Теңіз Флотының әскер бөлімдеріндегі адамдарға әскер бөлімдерінің командирлері, ал армия мен флоттан кеткен адамдарға, наградталғандардың тұрған жеріндегі облыстық, қалалық және аудандық соғыс комиссарлары тапсырады.

3. „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдары сол жақ омырауға тағылады.

Ордендер және басқа медальдар болса, дәлсіз таққан жағдайда олардың ленталары „Германияны жеңгені үшін“ медалінан кейін, оннан солға қарай мына ретпен тағылады: „Белградты азат еткені үшін“, „Варшаваны азат еткені үшін“ және „Праганы азат еткені үшін“ медальдары бірінен соң бірі қатар тағылады.

шаруаларын қоспаның отырады. Жазушылар колхозшылар көлікті өнімді пайдалану, оның күйіне, күтіміне ғана емес, оның жегу саймандарының түгел, әрқашанда сәттілігіне байланысты екендігін естен шығармайды. Әбзел-саймандар жақсы тәртіпке келтіріліп, тиісті орында сақталады, оның әрқайсысы белгілі көлемге ғана жетіледі. Басқа көліктерге жұмыстырып жемейді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(С)П Орталық Комитеті өзінің қаулысында республиканың кейбір партия, совет орындары соғыс жылдары ауыл шаруашылығында көліктің маңызы артын отырғанын әлі жете бағаламай келе жатқанын, колхоздар мен совхоздардың көпшілігінде ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай өткізу, көбінесе, егіс жұмыстарына көлікті толық және дұрыс пайдалануға байланысты екендігін ескермей келе жатқанын атап көрсетті. Колхоздар мен совхоздардың көпшілігінде жұмыс малына жететін жарамды әбзел-саймандар өте жеткіліксіз. Бұларды пайдалану жұмысы да тиісті дәрежеде емес. Жегу саймандары жеткі

ліксіздігіне байланысты ауыл шаруашылығын ұйымдастыруға тиіс.

Аудандық, облыстық партия, совет орындары колхоздар мен совхоздарда барлық ауыл шаруашылығы жұмыстарына көлікті пайдалануды, күтуді жақсарту мәселелерін жиі-жиі талқылап, көпшіліктерді түзетуге қажетті шараларды дереу қолданып отыруға міндетті.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен К(С)П Орталық Комитеті өзінің қаулысында «Колхоздар мен совхоздарда жұмыс көлігін пайдаланудағы ехеулі көмекшіліктерді жою, жұмыс көлігін 1945 жылғы ауыл шаруашылық жұмыстарына толық және дұрыс пайдалану ісін жергілікті партия және совет ұйымдарының аса маңызды міндеті» деп көрсетті. Бұл міндетті ойдағыдай орындап, ауыл шаруашылық жұмыстарының уақтылы, сапалы өтіп отыруын қамтамасыз етейік. Сөйтіп, республикамыздың 25 жылдығы мерекесіне ауыл шаруашылығында жаңа табыс тәрмен келейік!

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 9 июньдегі басмақаласы).

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің VIII сессиясын шақыру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Қазақтың Советтік Социалистік Ресуб-ликасы Жоғарғы Советінің VIII сессиясы 1945 жылғы 25 июньге Алматы қаласында шақырылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ә. ҚАЗАҚБАЕВ**.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **С. НҰРМАҒАМБЕТОВ**.
Алматы қаласы 1945 жылғы 31 май.

Н. заводының жұмысшыларын, қызметшілері мен инженер-техник қызметкерлерін наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Кислород станциясын салу, монтаждау және пайдалануға беру жұмыстарында тапсырманы үлгілі орындап, ерекше көзге түскен төменде аталған жұмысшылар, қызметшілер мен инженер-техник қызметкерлер Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының грамотасымен наградталсын:

1. Анищенко Андрей Аниимович—ремонт-слесарь бригадасының бригадирі.
2. Большаков Сергей Аниимович—заводтың партия ұйымдастырушысы.
3. Васильева Александра Носифовна—аппаратшы.
4. Горпенко Николай Антонович—кислород станциясының бастығы.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ә. ҚАЗАҚБАЕВ**.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **С. НҰРМАҒАМБЕТОВ**.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 24 май.

5. Касьянов Серафим Михайлович—завод механигі.
6. Кресталь Исаак Михайлович—өндіріс жоспарлау бөлімінің бастығы.
7. Нудряшев Сергей Варфоломеевич—станция мастері.
8. Оливсон Марк Аниимович—кадр даярлау бөлімінің бастығы.
9. Прешьян Игнатий Сетракович—күрделі құрылыс бөлімінің бастығы.
10. Ранцев Василий Моисеевич—дәнекерші.
11. Розчин Петр Харитонович—завод директоры.
12. Слободнюк Николай Пантелеймонович—слесарь-монтаж бригадасының бригадирі.

дына, ал жазудың төменгі жағында екі бақтары біріне-бірі байланған хош иісті екі жапырақ сабақшасының үстінде орақ және балғаның суреті. Медальдің жиегі айнала көмкерілген.

Медальдің сырт жағында: Будапештің

„Кенигсбергті алғаны үшін“ медалінің сипаттамасы

Медаль дөңгелек, диаметрі 32 миллиметр, латуньдан жасалады.

Медальдің бет жағында: орталықта «Кенигсбергті алғаны үшін» деген сөз, жазудың үстінде жоғарыда бес ұшты жұлдызша, ал төменгі жағында хош иісті жапырақ сабақшасы. Медальдің жиегі айнала көмкерілген.

4. Медальдің сырт жағында. Кенигсбергтің алынған күні—«1945 жылғы 10

„Венаны алғаны үшін“ медалінің сипаттамасы

Медаль дөңгелек, диаметрі 32 миллиметр, латуньдан жасалады.

Медальдің бет жағында: орталықта «Венаны алғаны үшін» деген сөз, жазудың үстінде бес ұшты жұлдызша, ал төменгі жағында хош иісті жапырақ сабақшасы. Медальдің жиегі айнала көмкерілген.

Медальдің сырт жағында Венаның алынған күні: «1945 жылғы 13 әп-

„Берлинді алғаны үшін“ медалінің сипаттамасы

Медаль дөңгелек, диаметрі 32 миллиметр, латуньдан жасалады.

Медальдің бет жағында: орталықта «Берлинді алғаны үшін» деген сөз, жазудың үстінде жоғарыда бес ұшты жұлдызша, ал төменгі жағында жиекте емен жапырақтарынан жасалған жарты венок. Медальдің жиегі айнала көмкерілген.

Медальдің сырт жағында Берлиндің алынған күні: «1945 жылғы 2 май».

Академик Бардин Иван Павловичке Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Аса ірі металлургия заводтарын салудың жобасын жасау және оларды игеру ісіндегі ерекше зор еңбегі және қара металлургия жөнінде ғылыми жетістіктерге

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН**.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН**.
Москва, Кремль. 1945 жылғы 10 июль.

Медаль құлақшамен және шынжырмен және бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр қоңыр шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында ені 8 миллиметр көк таспа.

апрел», мұның үстінде бес ұшты жұлдызша.

Медальдағы барлық суреттер мен жазулар дөңес.

Медаль құлақшамен және шығыршықпен бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр шәй жібік лентімен оралған. Лентада өзара алмасып түскен бес таспа: үш қара және екі жасыл түсті таспалар. Лентаның жиегі жібікке жасыл таспамен көмкерілген.

ред», мұның үстінде бес ұшты жұлдызша.

Медальдағы барлық суреттер мен жазулар дөңес.

Медаль құлақшамен және шығыршықпен бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр жасыл шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында ені 8 миллиметр көк таспа.

Мұның төменгі жағында бес ұшты жұлдызша.

Медальдағы барлық суреттер мен жазулар дөңес.

Медаль құлақшамен және шығыршықпен бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр қызыл шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында: үш қара және екі қоңыр бес таспа. Шеткі қара таспалар жібікке қоңыр таспамен көмкерілген.

жеткені үшін академик Бардин Иван Павловичке Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орақ және балға» алтын медалі қоса тапсырылсын.

Медаль құлақшамен және шынжырмен және бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр қоңыр шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында ені 8 миллиметр көк таспа.

„Варшаваны азат еткені үшін“ медалінің сипаттамасы

Медаль дөңгелек, диаметрі 32 миллиметр, латуньдан жасалады.

Медальдің бет жағында: орталықта ленттада «Варшаваны», жоғарғы жиекте «Азат еткені үшін», деген сөз, оның астында сәуле шашып тұрған бес ұшты жұлдыз. Медаль айнала көмкерілген.

Медальдің сырт жағында: Варшаваның азат етілген күні—«1945 жылғы 17 ян-

„Праганы азат еткені үшін“ медалінің сипаттамасы

Медаль дөңгелек, диаметрі 32 миллиметр, латуньдан жасалады.

Медальдің бет жағында: жоғарғы жиекте «Азат еткені үшін», оның астында «Праганы» деген сөз, төменгі жағында жана шығып келе жатқан күн мен хош иісті екі жапырақ сабақшасының суреті, сабақшалар бес ұшты жұлдыздың астында біріне-бірі байланған. Медальдің жиегі айнала көмкерілген.

Медальдің сырт жағында: Праганың

алыпша ені 24 миллиметр көк шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында ені 8 миллиметр қара таспа.

варь», мұның үстінде бес ұшты жұлдызша.

Медальдағы суреттер мен жазулар дөңес.

Медаль құлақша және шығыршықпен бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр көк шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында ені 8 миллиметр қызыл таспа, Ленин ордені жібікке сары таспамен көмкерілген.

азат етілген күні—«1945 жылғы 17 май», мұның астында бес ұшты жұлдызша.

Медальдағы суреттер мен жазулар дөңес.

Медаль құлақшамен және шығыршықпен бес ұшты қалыпшаға бекітілген. Қалыпша ені 24 миллиметр көк шәй жібік лентімен оралған. Лентаның орталығында ені 8 миллиметр көк таспа.

Академик Байнов Александр Александровичке Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Металлургияда, металдар химиясында және металлографияда ғылыми негіздер жасау ісінде көрнекті еңбек сіңіргені, сол сияқты көпшілер мектебін құру жөнінде ерекше зор еңбек істегені үшін академик

Байнов Александр Александровичке Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орақ және Балға» алтын медалі қоса тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН**.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН**.
Москва, Кремль. 1945 жылғы 10 июль.

Академик Бах Алексей Николаевичке Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Зоохимия ісінде көрнекті еңбек сіңіргені, әсіресе ферменттердің баяу қышқылдану реакциясының қышқыл жасағаны, беріліп, Ленин ордені мен «Орақ және Балға» алтын медалі қоса тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН**.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН**.
Москва, Кремль. 1945 жылғы 10 июль.

ОБЛЫСАРАЛЫҚ КӨРМЕ

Мал мен үй құстарының облысаралық көрмесіне экспонаттар іріктеп алу басталды. Көрме быйылғы жылдың күзінде Полтава өт комбинатында ашылады. Көрмеге 1000 ірі қара мал мен шошқа,

2500 қой және 3000 үй құсы көрмеге Украин ССРның барлық облыстары қатыспай.

Партия активінің облыстық мәслихаты

9 июльде партия активінің облыс-мәслихаты болып өтті. Мәслихатқа ІІІ аудандық комитеттерінің секретары, аудандық совет атқамбасшылары, МТС және совхоз директоры қатысты.

Мәслихатта РК(б)П обкомінің секретарі И.И. Жолдас егісті күту және пар у туралы баяндама жасады.

«Партия Қызыл Армиямыз,—деді баяндаушы,—гитлершіл Германияны толықтап, тарихи жеңіске жетті. Гитлер ұйқашы мемлекетінің күлі көкке, фашистік армия өмір сүруден қалып, жеңіске жету жолында бүкіл Союз Одағының халықтарымен бірге біз облыстың еңбекшілері жаңқырлық-ынбай жұмыс істеп, зор еңбек сіңір

ихи жеңісімізбен жігерленген облыс ішкі істері Қазақ ССР-нің 25 жылдығына социалистік жарысты өрістете қолхозшылар, МТС және совхоз жұмысшылары социалистік жарыста алған жеңістерді мүлтіксіз орындау үшін ұнат жұмсай отырып, көктемгі егіс техникалық жоғарғы дәрежеде са-тып аяқтады. Бұл істе бірсыпыра қатар қолхозшылар қажырлы қай еңбек істеу үлгісін көрсетті. Сон-да бұл аудандардың қолхоздары қылығымен салыстырғанда көктемгі жұмыстарын анағұрлым бұрын аяқта-нымен қатар жоспардан тыс неше деген гектар егін екті. Қолхозшы-ар мен МТС және совхоз жұмыс-шының қажырлы еңбегі республика күндіз кезінде көптеген қолхозда-дың социалистік жарыста алған жеңістерді дер кезінде орындауы-на себеп етті.

Мәслихатта, —деді Мельник жолдас,—жа-неғұрлым өркендете беру, алынған жеңістерді орындау ісіне нақтылы-ық жасауда біздің кейбір жергілік-ші, шаруашылық қызметкерлеріміз-ді көңіл бөлмей келеді. Олар, әсі-ресе, РК(б)П Орталық Комитетінің 1945-5 марттағы қаулысында «Партия-ның комитеттері мен аудандық-пару комитеттері әрбір қолхозда, МТС-та алынған міндеттемелер-ді орындауын ең кемі айына бір-рет тексеріп, осы тексерулерде ашыл-ған нәтижелерді жою жөнінде нақтылы қолдануға міндетті» деп берілген-ін тиісті қорытынды шығара ала-й жерде қолхозшылар мен жу-р арасында үгіт-көпшілік жұ-

мыстары шын мәнінде өрістетілме-ді. Таң-даулы адамдардың іс үлгісі жұртшы-лық игілігіне айналдырылмады. Партия ұйы-мдарының үгітшілер тобына көмегі-аз. Айтпа қату керек, облыс-мызда егінді күту пар жырту-сыяқты аса маңызды жұмыстарға дереу кірісу ісі әлі күнге дейін қолға алынбай отыр. Тіпті, Булаев және Полудень ауданы-ның басшылары пішен шабумен пар жы-ртуға керекті құрал-саймандардың қанша-сы бар, қаншасы жоқ екенін де жете біл-мейді. Ендігі жерде, облысымыздың әрбір партия, совет және комсомол ұйымдары-мұндай кемшіліктерді бұдан әрі қайталау-мүлде тәуелсіз болмайтын жағдай екенін қатты ескеріп, РК(б)П Орталық Комитеті-нің 1944 жылғы 1 әйірідегі қаулысын және РК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулыларын толық және мүлтіксіз жүзеге асыруға міндетті.

Мельник жолдас баяндамасынан кө-йін, облыстық совет атқамбасшысының пре-сидеі Мұстафин жолдас пішен шабуға әзір-лену, оны өткізу туралы және РК(б)П обкомінің секретарі Мамин жолдас егін-жыйнау және астық дайындауға әзірлену-жөнінде баяндама жасады.

Баяндамалар бойынша 14 адам сөз-сөйледі. Жыйымата сөз сөйлеген РК(б)П Полудень аудандық комитетінің секретарі Дворников, облыстық жер бөлімінің меңге-рушісі Смольянинов, Возвышен астық соз-хозының директоры Титов, еңбекшілер-депутаттарының Петропавл аудандық совет атқару комитетінің председатели Кра-савский тағы басқа жолдасар алынған міндеттемелерді аброймен орындау жөнін-де қолхоз, совхоздарға басшылық ету ісінің әлі ойдағыдай емес екендігін, пішен шабу және егін жыйнау жұмыс-на қажетті ауыл шаруашылық машина-саймандарын жөндеу жұмысының қана-ғаттанғысыз болып отырғандығын ерекше атап айтты. Мұнымен қатар комбайн жөн-деушілер арасында еңбек тәртібінің жо-ға қойылмағандығын, әсіресе Соколов, Копухов аудандары МТС-тарының комбайн-ларды жөндеу ісіне әлі күнге дейін кіріс-пей отырғандығын, бұл істе кейбір аудан-дық жер бөлімдерінің тек мәлімет жыйнау-мен ғана шұғылданып отырғандығын қатты сын-ға алды.

Мәслихатта жұмыстағы болған елеулі кемшіліктерді дереу жойып, ауыл шаруа-шылық жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізу жөнінде шешуші шаралар белгі-ленген қаулы қабылданды.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

Барлық ауыл шаруашылық жұмыстары күшті қарқынмен ұштастыра жүргізілсін!

Комбайндарды жөндеу нашар ұйымдастырылды

СМИРНОВО. (Өз тілшімізден). Өткен жылы Сартомар машина-трактор станция-сының (директоры Величко жолдас) ком-байн паркі жұмысты нашар атқарды. МТС-та комбайнмен егін жыйнау жоспа-ры 61,3 процент ғана орындалды. «Ең-бек», «Келімет», «Красное поле» және «Красный полтавец» қолхоздарына жібе-рілген комбайндардың жүруінен босқа қа-рап тұруы көп болды. Бұл-комбайн жөн-деу жұмысының шала-шарпы жүргізіл-гендігінің, жұмыс үстінде бүлінген ком-байндарды техникалық жағынан қамту-дың нашарлығынан еді.

Не пайда, мұны МТС директоры Велич-ко жолдас бийыл ұмытып кетіп отыр. Осының салдарынан МТС-та комбайн жөн-деу жұмысы салдыр-салақ ұйымдасты-рылды. Комбайн жөндеуде әрқайсысы 8 адамнан құралған 2 бригада жұмыс іс-теуге тиіс болса, күні бүгінге дейін бір ғана бригада қосылды. Оның қатарында барлығы 4 адам ғана бар. Бұл бригада комбайн жөндеуге кіріскелі бірсыпыра уа-қыт өтті, бірақ, еңбек ұйымдастыру ісі-нің нашарлығынан небары 2 мотор ғана жөнделіп отыр.

Турасын айту керек. МТС қамтуында-ғы кейбір қолхоздардың басшылары қол-хоздағы комбайншыларды комбайн жөн-деуге жібермей отыр. Мәселен «Қызыл-ту» қолхозы егіс жоспарын әлде қашан орындады. Тракторшы болып жұмыс іс-теген комбайншы Жамалиева жолдасын бұл жұмыстан босағандығына көп уақыт өтті. Бірақ қолхоз председатели Смағұлов жолдас Жамалиева жолдасын комбайн жөндеуге кірісуіне немкетті қарап, оны МТС-қа жібермей қойды. «Үлгі», «Нау-рыз» және «Еңбек» қолхоздарының председатели Жексебаев, Бейсенбаев және Әлімбаев жолдасарда қолхоздағы комбайншылардың МТС-қа келіп, комбайн жөндеу ісіне кірісуіне жағдай жасаған жоқ.

Ал бұл жағдайға аудан басшылары да, МТС басшылары да орынсыз тәзіп келеді.

КОМБАЙНДАР ҚАШАН

Елеулі кемшілік дереу жойылсын

БАРАҚОҒА. (Өз тілшімізден). Алдыңғы қатарлы «Красный партизан», Куйбышев атындағы тағы басқа бірнеше қолхоздар-да 1944—1945 жылдардағы мал қыстау маусымы ойдағыдай өткізілді. Өткен жы-лы бұл қолхоздарда қоғамдық малға жет-кілікті мөлшерде құнарлы азық, жылы қора әзірленген болатын.

Алайда, ауданның бірсыпыра қолхозда-рында мал қыстау маусымы қанағаттан-ғысыз өткізілді. Мал азығының жеткілік-сіздігінен ірілі-ұсақты ондаған мал шы-ғынға ұшырады.

Мал қыстау әсересе «Красная про-пость» қолхозында нашар ұйымдастырыл-ды. Мұнда мал азығы жетіспеді. Қоғамдық мал қыс маусымында көбінесе сабанмен азықтандырылды. Осының салдарынан мұнда бірсыпыра мал арықтап, олардың бір бөлегі шығын болды.

Қолхоз председатели Мельников және оның мал шаруашылығы жөніндегі орыс-басары Меңшиков жолдасар мал азығы-ның берік қорын әзірлеуге жауапсыз қа-рады.

Бұл қолхозда соңғы кезде мал шаруа-шылығы мүлде құлдырап кетті. Әсересе жұмыс малын күтуде несіздікке жол бер

гендіктің салдарынан мұнда жуырда ғана бір ат, 15 өгіз және 8 сыйыр шығынға ұшырады.

Бірақ қолхоз басшылары бұдан тиісті қорытынды шығармай отыр. Осының сал-дарынан ферма жанында егілуге тиісті 27 гектар егіс жоспары мүлде орындал-май қалды. Қолхозда пішен шабуға әзір-лік жұмысы жоқтың қасы.

Пішен шабуға кірісуге санаулы ғана күндер қалды. Бұл жағдайды «Красная пушка» қолхозының басшылары да ескер-мей отыр. Қолхозда бірде-бір пішен маши-насы, ат тырнауышы немесе лобогрейка жөндеілмеген. Қол тырнауыштарын, айыр-лар мен арбаларды жеткілікті мөлшерде әзірлеу ісі ұйымдастырылмай отыр.

Қолхозда арба жасау үшін арнаулы мастерской ұйымдастырылған болатын. Бірақ мастерскойда жұмыс істелмейді. Ағаш шебері Жигалев жолдас жұмысқа қай уақытта шыққаны кедсе, сонда ғана шығады.

Пішен шабуға әзірлікте «Ясная зоря», «Новое дело», Киров атындағы және Ка-ганович атындағы қолхоздар да көрнекті нәтиже бермей отыр.

АРАМ ШӨП ОТАУДА

Полудень ауданындағы алдыңғы қатар-лы мол өнімшілер звеноларының мүшеле-рі республикамыздың 25 жылдығы аты-ндағы социалистік жарыста алған міндет-темелерін орындау жолында үздіксіз жұ-мыс істеп жүр. Олар өздерінің барлық мүш-мүмкіншілігі мен іс-тәжірибелерін егіннен мол өнім алу күресіне жұмылды-руда.

—Егілдің арам шөбі оталса,—дейді Ча-паев атындағы қолхоздағы мол өнімшілер звеносының бастығы Е. Кист жолдас,—егіннің өнімі мол болады. Сондықтан

да біз звеномыздың қарауындағы 100 гектар егінді бір рет арам шөптен арыл-ту ісін ойдағыдай аяқтап шықтық.

Егілдің арам шөбін отауда «Қызыл ту» қолхозындағы Сұлтангазина жолдас бас-қарған мол өнімшілер звеносы да үздік-қабыстарға жетті. Олар өз учаскелерінде-гі егілдің арам шөбін толық отап, қазір пар жыртуға кірісті. Сөйтіп звено мүше-лері егінді күту мен пар жырту жұмыс-тарын ұштастыра жүргізуде.

Н. ВОРОПАЕВА.

Пар жырту қыза түсуде

Октябрь ауданындағы «Шит» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері пар жырту жұмысын ұйымдастырған түрде қол-ға алды. Мұнда пар жыртуға 20 соқа қосылды. Диханшылар алғашқы 3-4 күн

Пар жыртуда Афанасий Шербин жол-дас басқарған бригаданың диханшылары тынбай жұмыс істеуде. Олар 30 гектар-дан аса пар жыртып, 40 гектардай егін ді арам шөптен арылтып.

Прага халқы совет қолбас-шыларын хұрметтеуде

Совет Маршалдарын, генерал-дары мен офицерлерін Чехо-словакия Республикасының ордендерімен наградтау

ПРАГА, 8 июль. (ТАСС). 6 июльде Чехословакия республикасы астанасының халқы Қызыл Армияның Чехословакияны және оның астанасы—Праганы азат ету ұрыстарында көзге түскен маршалдары-на, генералдары мен офицерлеріне хұр-мет көрсетті. Көшкі сағат 5-те Прага са-райына Советтер Одағының Маршалы Ко-нев, Бронетанк әскерлерінің маршалы Ры-балко, армия генералы Еременко, СССР Елшісі Зорин, Чехословакияның ұлт қор-ғау Министрі генерал Свобода, генерал-полковник Гордов және басқалар кел-ді. Совет және Чехословакия хұрметті қарауылдарының рапорттарын қабылдап және сарай алаңында санка тізілген әс-керлерді құттықтап, келгендер сарайға қарай жүрді. Оларды мұнда Бас Министр Фирлянгер бастаған Чехословакия үкәметі-нің мүшелері және Чехословакия армиясы бас штабының Бастығы генерал Бочек қарсы алды.

Президенттің кабинетінде совет маршал-дары мен генералдарына Чехословакия ордендерін тапсыру думаны болды. Рес-публика Президенті орыс тілінде сөз сөй-леп, совет қолбасшылары мен СССР Ел-шісі Зоринді құттықтады. Президент Чехо-словакияны азат етуде зор көмек көрсет-кені үшін Советтер Одағына және оның Қызыл Армиясына ықпалмен алғыс айтты.

Бұдан соң Президент Маршалдар Ко-нев пен Рыбалкоға және армия генералы Ере-менкоға Чехословакия Республикасының жоғары дәрежелі Ордені Чехословакияның семсерлі Ақ Арыстан орденінің үлкен крестін, Ақ Арыстан соғыс орденінің Ал-тын жұлдызын, сол сыяқты Чехослова-кияның 1939 жылғы әскери крестін тап-сырды. Прагаға кейіннен келген Мар-шал Малиновскийдің орденін Маршал Ко-нев қабылдап алды.

Президент Бенеш Қызыл Армияның та-ғыла 37 генералы мен офицерлеріне Чехо-словакия ордендерін тапсырды. Маршал-дар Конев пен Рыбалко, армия генералы Еременко, СССР Елшісі Зорин, Совет және Чехословакия генералдары Прага са-райынан Ескі алаңға қарай аттанды. Мұнда оларды Париждің мыңдаған тұр-ғын адамдары күтіп тұрған еді. Алаңда Маршалдар Малиновский мен Еременконы Праганың, Братиславаның, Брно мен Мо-равская—Остравань хұрметті адамдары

лар бұл сертін іс жүзінде орын р жеңіс мүддесіне сай еңбек айының өндірістік жоспарын іт орындады.

солдас бастық болып істейтін жұмысшылары Республикамыз-а мерекесі атындағы социали-а алда болу үшін жұмыс уақы аспай еңбек істеді. Соның нә-

АЙЛЫҚ ЖОСПАРДЫ АРТЫҚ ОРЫНДАДЫ

л үн зауыдына қараған бар-ндер үн үгудің май айындағы едәуір артық орындады. қты № 11 және № 9 дпирмен-

Акичев жолдастың басқаруындағы ком-сомол-жастар бригадасының мүшелері стахановтық вахтаға тұрып, күнделік жұмыс тапсырмаларын 130—270 про-центке дейін орындауға жетісті.

Цех коллективі қазір июнь айының өндірістік жоспарын толық орындап, жоспардан тыс тонналаған үн пардан тыс 20 мың сомның қосалқы бөл-шектерін өндіруге міндеттеніп отыр.

дер де айлық өндіріс жоспарын толық орындап, жоспардан тыс тонналаған үн үгіп шығарды.

Е. МАЛАЕВ.

алайда, Соколов және Налобин маши-на-трактор станцияларында егін жыйнау-ға әзірлік, комбайндарды жөндеу жұмысы ұмыт болған істің бірі болып отыр. Со-колов МТСында 39 комбайнның бірде-бі-рі жөнделген жоқ. Налобин МТСында да жағдай осындай.

Бұл МТСардың басшылары комбайн жөндеуде жұмыс істеуге тиісті слесарь-лар, ұсталар тағы басқа жұмысшылар жұмыс үстінде бүлінген тракторларды жөндеп те үлгере алмайды, қысқасы адам жетпейді деп, комбайн жөндеу ісін кезекке қойды. Шынында екі МТСтың әрқайсысында комбайн жөндеу ісіне кө-мінде 20-25 адам қосуға болатын еді.

М. ЕГІЗБАЕВ.

дағы атындағы ауыл халықтың соци-алистік жарысқа бірінші болып ұштаған-дардың бірі. Ол бұл жарыста өзіне ұл-ғайтылған міндеттеме алып, қой санын еселеп арттыруға уәде берген болатын.

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

Бобруйскі облысының машина-трактор станциялары трактормен істелетін жұ-мыстардың жылдық жоспарын республи-када бірінші болып орындады. Жылдық тапсырманы 170 процент орындап, 3000 килограмнан аса жанармай үнемдеген

Колхоз басқармасы Голоденко жолдас-тың еңбегіне қосымша ақыға 20 қозы берді.

Қ. ЖҰСЫПОВ.

Тимкович МТС зор нәтижеге ие болды. Мұнда 15 аттың күші бар әрбір трактор-мен 359 гектар жер жұмысталды.

Облыстың трактор паркі қазір нәр-жыртқа шығарылды.

(ТАСС).

Панасыз балаларға ариал 14 гектар тары екті

ОРАЛ. «Правда» колхозының комсомол-мүшелері өздерінің жеке меншігіндегі ас-

тықтарынан жетім балаларға жәрдем қо-рына ариал, 14 гектар тары салды.

пайдалану заңы бұрмаланбасын

А. ӘБІШЕВ.

ақ ССР Жер Халық Комиссарының орынбасары

шаруашылық артелінің сталин-колхоз өмірінің негізгі заңы. а колхоздың, сондай-ақ кол-ц барлық праволары айқын

жер—колхоз шаруашылығы. Советтер Одағындағы басқа бірдей колхозға берілген жер-лықтық мемлекеттік меншік тады. Ол артельге түпкілікті, яғни мәңгілікке бекітіліп, жерді сауда-саттыққа салуға, алға беруіне болмайды. Бұл л шаруашылық артелі уста-ткітінде, айқын көрсетілген. қоғамдық мүддесін колхоз-кеке мүддесімен ұштастыру-тырып, ауыл шаруашылық тавы бойынша әрбір колхоз пайдалануына қоғамдық жер (огород, бау-бақша) бөлініп-ыстың, жеке ауданның жағ-й, ол учаскенің көлемі ши-л бір гектарға дейін болады.

л Халық Комиссарлары Сове-б)П Орталық Комитетінің-ң қоғамдық жерін талаң-удан қорғау шаралары тура-ығы 27 майдағы қаулысын-алану жөнінде болған бұрма-а айқын көрсетілген. Олар-а мыналар болатын: үй ір-скелердің мөлшері бірсыпы-а белгіленген мөлшерден ар-Колхозшылардың жеке пай-л жердің көлемі колхоздың-рін талаңтаражға салу жо-з көбейтілген. Үй іргесіндегі-емін уставта тағайында-

ған мөлшерден арттырып жіберумен қа-тар, бір үйді екі үй етіп көрсету, колхоз-шылардың жеке пайдалануындағы учас-келерге колхоз өгісіндегі қоғамдық жер-лерден жер кесіп беру сияқты істерге жоа берілген. Колхозшылардың жеке пай-далануындағы учаскелер колхоздың ко-ғамдық жерінің аралықтарынан берілген. Жеке меншіктегі жердің шекарасы кол-хоздың суармалы жерлерімен араласып-кеткен. Колхоздың жер шаруашылығын-дағы осы сияқты кемшіліктер қоғамдық-жерді талаң-таражға салуды күшейте тү-суге жол ашқан, үй іргесіндегі шаруашы-лық колхозшыларға көмекші шаруашы-лық болу шеңберінен шығып, колхозшы-лардың табыс табатын негізгі шаруашы-лығына айналған реттер болған.

Партия мен үкмет уставты мұндай бұр-малаушылыққа жол берілгенін қатты мі-неп, жергілікті партия және совет ұйым-дарынан, жер мекемелерінен колхоздың-қоғамдық жерін талаң-таражға салушы-лықты жоюды талап етті. Сонымен қа-тар, колхозшылардың жеке пайдалануы-ндағы учаскелердің мөлшерін уставта көр-сетілген шамаға көлтіріп, колхоздың ко-ғамдық жеріне қол сұғылмауын бақылау-ды күшейте түсуді талап етті.

Осы қаулыдан кейін үй іргесіндегі-учаскелерді реттеу, колхоздың қоғамдық-жерін талаң-таражға салуды жою жөнін-де бірсыпыра жұмыстар істелген болатын. Бірақ, соңғы кездерде аудандардың бір-сыпырасында жергілікті партия, совет, әс-ресе, жер орындары ауыл шаруашылық-артелі уставының екінші пункті дұрыс-қолданылуын бақылауды нашарлатып-жіберді. Өткен жылы жүргізілген тексеру

мұны айқын көрсетті. Мұндай бақылау-дың нашарлағаны сонша, кей жерде кол-хозшылар, тіпті колхозға мүше емес-адамдар колхоздың қоғамдық жерін еш-кімнің рұхсатынсыз иемденіп, пайдалану-мен келген. Алматы облысының Еңбекші-қазақ ауданындағы Ярославский атында-ғы колхоздың бірсыпыра мүшелері үй ір-гесіндегі учаскелерін місе тұтпай, оның-үстіне, колхоздың егіс жеріне бір гек-тарға дейін бақша егістерін егіп келген. Ал, бұл артықша устав бойынша колхоз-шылардың үй іргесіндегі учаскенің көле-мі 0,25 гектардан 0,50 гектарға дейін-ғана болуы керек. Сөйтіп, колхоздың қо-ғамдық жерінен 97,4 гектар суармалы-жер талаң-таражға салынған.

Ауыл шаруашылық артелі уставын-мұндай өрескел бұзушылық колхозда ең-бек өкімін төмендетіп жіберген, еңбек-тәртібін нашарлатқан. Бірқатар колхоз-дарда уставты бұрмалаушылықтың салда-рынан ауыл шаруашылығының маңызды-жұмыстары дер кезінде орындалмаған, агротехника шаралары дұрыс іске асы-рылмаған. Ондай жерде су жеке меншік-тегі егістерге шектен тыс көп пайдала-нылып, колхоздың қоғамдық егісі сусыз-қалған кездері болған.

Колхоздың қоғамдық жерін талаң-та-ражға салушылық өткен жылы Оңтүстік-Қазақстан облысында көп кездесті. Сай-рам ауданындағы «Қайтпас» колхозы-ның бір өсінде тексеруде 170 колхозшы-ның 44,4 гектар артық жері барлығы-анықталды.

Жер пайдалану заңын, Ауыл шаруа-шылық артелінің уставын өрескел бұзу-шылықтың бұдан басқа да түрлері жоқ-емес. Бір қатар колхоздарда колхоздың-қоғамдық жерін колхозшылардың жалпы-жыйылысы емес, колхоздың бастықтары-билейді, жеке басының меншігіндей кө-реді. Кейде колхоздың қоғамдық жерін-тіпті колхозға үш қайнаса сорпасы қо-

сылмайтын шет адамдардың заңсыз би-лет-төстеп кететін жағдайлары да жоқ-емес. Алматы облысының Шелек ауда-нындағы «Таусүгір» колхозының жалпы-жыйылысы өздерінің қаулысымен іргелес-отырған «Авангард» колхозына 1944 жы-лы пайдалану үшін 50 гектар егістік-жер берген. «Авангард» колхозы осы 50-гектар жерге егін егумен қатар, «Таусү-гір» колхозының рұхсатынсыз 7,76 гек-тар шабындықты пайдаланған. Аудандық-партия комитеті мен аудандық совет ат-қару комитетінің екілі мұны көре тұрса-да, оған қарсы батыл тара қоздауы бы-лай тұрсын, қайта осындай заңсыз өре-кетке өзі көмек көрсеткен.

Осымен қатар, колхоздардың, мекеме-лер мен кәсіп орындарының жерді басқа-біреуге жалға беру оқыйғалары да жоқ-емес.

Жұмысшылар мен қызметшілердің же-ке пайдалануындағы огород-бақша өгіс-терін дамыта түсуге партия мен үкмет-өреске көңіл бөліп келеді. Өйткені, бұл-еңбекшілердің тұрмыс-халін жақсарту-судің аса маңызды шарасы. Осы мәселе-тегі жұмысшылардың, қызметкерлердің оро-род-бақша егуіне әрбір үй үшін 0,15 гек-тарға дейін жер берілетін деп белгіленген. Еңбекшілердің көпшілігі огород-бақша-егісінің үкмет тағайындаған осы мөлше-рін бұзжытпай қолданып келеді. Бірақ, осымен қатар, өзінің жеке меншігіндегі-егісінің көлемін 0,30 гектардан да артты-рып, мемлекеттің жерін заңсыз пайдала-нушы жұмысшылар мен қызметкерлер де-жоқ емес.

Республикамыздың кейбір аудандарын-да шаруашылық орындары мемлекет қо-рындағы жерлерді алыс-беріске салып, талаң-таражға түсірген.

Міне, бұл жағдайлар жер пайдалану-заңының, бұл мәселе жөнінде партия мен-үкмет қаулысының бірсыпыра жерде өрес-кел бұрмалауына жол берілгенін, ауыл

шаруашылық артелі уставының дұрыс-қолданылуын бақылау нашарлап кетке-нін көрсетеді.

Колхоздарда жер пайдалану заңын бе-рік ұстау—колхоз құрылысының аса ма-ңызды мәселесі. Бұл мәселені бетімен жі-беруге болмайды. Адал еңбегімен колхоз-дың қоғамдық дәулетін нығайтуға бар-лық күшін жұмсап келе жатқан колхоз-шылармен қатар, колхоздағы жеңілдіктер-ді пайдаланып, колхоз жерін заңсыз, қа-ра басының қамына пайдаланып, колхоз-дың қоғамдық жұмысына жөнді қатыспай-жүрген колхозшылар да әлі жоқ емес. Ауыл шаруашылық артелінің уставын-дұрыс қолданбау, міне, осындай елеулі-кемшіліктің орын тебуіне әкеліп соғады, колхоз шаруасын, зыян келтіреді.

Колхозға мәңгілікке берілген жерге-өкім қол сұғуына болмайды. Бұл заңды-қаралды өреске бұзжытпай орындау керек. Колхозшыларға берілген үй іргесіндегі-жердің уставта көрсетілген мөлшерден-артып кетуінің үнемі қадағалап отыру-керек. Заңсыз, уставта көрсетілген мөл-шерден жерді артық беру жөнінде кез-ектен кемшіліктерді дереу түзеу керек. Бұл кемшілікке жол берушілерді қатаң-жауапқа тарту керек.

Ауыл шаруашылық артелінің уставын-бұрмалаушылыққа қарсы заң-бақылау-орындары қатты күрес жүргізбей келеді. Колхоздың қоғамдық жерін талаң-тараж-ға салу жөнінен заң-бақылау орындары-на берілген істер уақытылы қаралмайды, көбінесе аяқсыз қалады. Бұл кемшілікті-де жою керек.

Жер пайдалану жөніндегі совет заңы, ауыл шаруашылық артелінің сталиндік-уставы мүлтіксіз орындалуға тиіс. Бұл-колхоз құрылысын бұрынғыдан да ны-ғайтып, колхоз шаруашылығын өркенде-те беруді, колхозшылардың әл-ауқат дә-режесін көтере беруді қамтамасыз етеді.

Халық ду қолшанаалақтап және «Данк-ты Кызыл Армия жасасын!» деген ұрым-мен Фирлингердің сөзін әлде неше рет бо-ліп тұрды.

Советтер Одағының Маршалы Косов-жауап сөз сөйледі.

Жыйыннан кейін Республика Президен-ті Совет қолбасшыларының хұрметіне өзі-нің сарайында қабылдау жасады.

Тынық мұхиттағы СОҒЫС

ЛОНДОН, 9 июнь. (ТАСС). Рейтер-агенттігінің хабарына қарағанда, Лусон-аралында (Филиппин аралдарында) аме-рикан әскерлерінің Кагаан алқабында 11-километр алға басқандығын одақтастыр-дың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс-бөлегіндегі қарулы күштері бірлескен ко-мандованнесінің штабы хабар еткен.

Американ самолеттері жапонның Формо-за аралындағы және Каюн ауданындағы-соғыс орындарын, сол сияқты жапонның-Борено аралындағы базаларын бомбала-ған.

ВАШИНГТОН, 9 июнь. (ТАСС). Амери-каның теңіздік жаяу әскер бөлімдерінің-Окинава аралының батыс жағалауына же-тіп, Итоман пунктінің солтүстігіндегі ма-ңызды шеберді алғандығын АҚШтың-Тынық мұхиттағы флотының штабы ха-бар етті.

7 және 8 июньде Окинава аралы ау-данында жапонның 67 самолеті жойыл-ды.

ВАШИНГТОН, 9 июнь. (ТАСС). Амери-каның аса қуатты «Ушунши камак» бомб-шылары ірі құрамаларының Мариан арал-дарынан ұшып шығып, Хонсю аралына (Жапонияда) шабуыл жасағандығын-АҚШтың соғыс министрлігі хабар етті.

РЕДАКЦИЯДАН

Газетіміздің 10 июньдегі санының 2-бетіндегі «В. Г. Белинский» деген мақа-ланың 6-жолынан басталатын екінші сөй-лемнен бастап: «Өткен ғасырдың 60-жыл-дарындағы революциялық демократияны-қуаттап, Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбов Белинскийдің жолын қуды. Ол әлеуметтік әділеттік іздеуде нелер тар-жол, тайғақ кешуден өтіп, өз өмірінің-соңғы минутына дейін Людвиг Фейербах-тың материалистік философиясына сын-көзімен қарап, әділетті сынды дамыта түс-ті» деп ар жағын тексті бойынша оқуды-газет оқушылардан сұраймыз.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.